

WORLD SKILLS ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

ТӘШІМБЕТ МҰРАТБЕК БАТЫРБЕКҰЛЫ

Колледж директоры

**ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "№16 КОЛЛЕДЖ" МКҚК**

1.1. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Сонымен қатар, кадрларды кәсіптік даярлау сапасын, техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтарының (кәсіптерінің) беделін көтеру, колледждегі кәсіптік білім беру және кадрлар даярлау жүйесін насихаттау, дарынды студенттерді табу және қолдау көрсету және облыстық «WorldSkills Turkistan» чемпионатына қатысушыларды реттеу мақсатында 2022 жылдың қазан- қараша айлаында колледжде 8 құзыреттілік бойынша «Шебер студент-2022» байқауы өтті. Байқау Ворлдскиллс талаптарына сай дайындалып және өткізілді.





«Шебер студент-2022» байқауының көрініс
Дәнеркерлеу технологиясы



Аспаз ісі



Дизельдік қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсету және пайдалану



Байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар сенімгерлікпен басқарушының қаржылай сыйлығымен және дипломдармен марапатталып, жетекшілері мен жеңімпаздар облыстық чемпионатқа жолдама алды.

Жұмыс оқу жоспарлары негізінде колледждің оқу процесінің кестесі әр оқу жылына жасалады.

Өндірістік практикадан өту үшін колледж осы келісім-шарт негізінде мекеме басшылары кәсіптік практиканы сапалы өткізуге талапқа сай ықпал жасайды.

Кәсіби практика барысында практика базасы болып табылатын кәсіпорын басшыларымен өндірістік тәжірибеде өзін жақсы көрсеткен студенттерді одан әрі жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы әңгімеленеді.

Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу және мансап жүйесі келесі блоктардан тұрады:

- Жас мамандарды жұмысқа орналастыру туралы ҚР нормативтік құжаттарын түсіндірудегі кеңестік көмек ;
- әлеуметтік әріптестік туралы жасалған шарттар аясында жұмысқа орналастыру, ынтымақтастық шарттарын келісу, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жүргізіледі.

№16 колледж МКҚК түлектерінің жұмысқа орналасуын және одан әрі мансабын зерттеу жүйесі жұмыс берушілердің сұраныстарын және қазіргі еңбек нарығының ерекшеліктерін есепке алуға; «жұмыс беруші -колледж» моделі аясында іскерлік байланыстарды орнатуға бағытталған «Колледж білім алушы көзімен», «Білім алушылардың қолдау қызметтерінің жұмысына қанағаттанушылығы туралы», «Колледж бітірушісінің дайындығының сапасы жөніндегі жұмыс берушінің пікірі», «Колледж студенттеріне арналған сауалнама», «Колледждегі оқыту сапасына оқушылардың қанағаттанушылығы» тақырыбында сауалнамалар жүргізіледі.

№16 колледж кәсіптік білім беруде, білім алу үшін кәсіби шыңдалу мақсатында «Talar» КЕАҚ («Кәсіпқор «Холдинг») Ұлттық операторы, WorldSkills Kazakhstan қозғалысына мүшесі болғалы облыстық және ұлттық чемпионатына 2016 жылдан бастап қатысып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Колледждің кәсіби білікті студенттері WorldSkills чемпионатына қатысып, облыстық және Республикада жүлделі орындарды иеленуде және чемпионатқа құзіреттіліктер бойынша қатысу жылдан жылға артып келеді.

Қазіргі таңда колледж 10 мамандықпен күндізгі бөлімде оқытады. «Worldskills Kazakhstan» чемпионаттарына 11 құзыреттілік бойынша бойынша қатысуда.


2022 жылғы «WorldSkills Turkistan -2022» облыстық чемпионатына төмендегі құзыреттіліктер бойынша қатысты:

- 1) Дәнекерлеу технологиясы
- 2) Сантехника және жылыту
- 3) Электромонтажды жұмыс
- 4) Сырлау және әрлеу жұмыстары
- 5) Плитка жапсыру
- 6) Аспаз ісі
- 7) Сән технологиясы
- 8) Төбелік жұмыстар
- 9) Дизельдік қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсету
- 10) Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары
- 11) Автокөлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету

WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаты Түркістан қаласы				
№	Құзыреттілік атауы	Қатысушы	Жетекшісі	Жетістігі
1	Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары	Уразбай Алмұхаммед	Қадыр Мырзабек	1 орын
2	Дизельдік жүк көліктеріне техникалық қызмет көрсету	Тұмарбек Бақдаулет	Жораев Маханбет	1 орын
3	Сантехника және жылыту	Сапар Иманғали	Парманов Болатбек	1 орын
4	Дәнекерлеу технологиясы	Борабеков Ерсайын	Алимбеков Ермахан	2 орын
5	Электромонтажды жұмыс	Нурали Еркебұлан	Құлмұрат Шынболат	Ерекше медальон
6	Сән технологиясы	Қасимбекова Мақпал	Рахматулла Ақмарал	Ерекше медальон



«WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаттың «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша 1-орын иегері Уразбай Алмұхаммед. Жетекшісі Қадыр Мырзабек. Бас сарапшы колледждің ӨОШ Мамасерипов Суннатулла



«WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаттың «Плиткамен қаптау» құзыреттілігі бойынша 1-орын иегері Сапар Иманғали. Жетекшісі Парманов Болатбек.



«WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаттың «Дизельдік жүк көліктеріне техникалық қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша 1-орын иегері Тұмарбек Бақдаулет. Жетекшісі Жораев Маханбет. Бас сарапшы колледждің арнайы пән оқытушысы Аубакиров Тауирболсын



«WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаттың «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша Ерекше медальон иегері Қасимбекова Мақпал. Жетекшісі Рахматулла Ақмарал





«WorldSkills Turkistan - 2022» облыстық чемпионаттың «Электромонтажды жұмыс» құзыреттілігі бойынша Ерекше медальон иегері Нұрали Еркебұлан. Жетекшісі Құлмұрат Шынболат